

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қараша N 1445

Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті бюджеті мен республикалық бюджеттің өзара пайда болған берешектерін өтеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп 1996 жылдың 1 қарашадағы жағдайы бойынша тексеру актісіне сәйкес, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша республикалық бюджет алдындағы Солтүстік Қазақстан облысы жергілікті бюджетінің берешегіне

өтеу жүргізсін;

аталған есептемені осы облыста 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген толық қаржыландырылмаған субвенцияның есебіне есептесін.

3. Берешек есептемесі 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі